

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Аннотация. Мақалада балалардың логикалық ойлауын қалыптастырудың мән-мазмұнын зерттеуге бағытталған. Балалардың логикалық ойлау жүйесінің дамуының рөлі, логикалық ойлауды жетілдірудің практикалық жолдары ашылған.

Кілт сөздер: бастауыш сынып оқушыларының дамуы, логика, логикалық ойлау, баланың логикалық ойлау ерекшеліктері.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту-тәрбиелеу мәселесінде пікір мен ойының байланысын көрсететін логикалық ойлауын қалыптастыру мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Баланың логикалық ойлау қабілеттерін, қиялын, есін, шығармашылығын дамыту түрлі әдіс-тәсілдермен жүзеге аспақ. Ойлау қабілеті салыстыру, анализ, синтез, абстракция, жалпылау мен нақтылау сияқты операциялары арқылы жүзеге асады.

Логиканың мәні – айнала дүниені тану тарихы, ой қорытындысы, тарихи тәжірибе жемісі болып табылады. Логика өз кезегінде басқа ғылымдармен тығыз байланысты. Себебі, логика – ойдың дұрыс құрылуы туралы ілім болып есептелінеді.

Логикалық ойлау әдістерін меңгермеген адамда сөзі мен ісі және ойын жеткізу арасында алшақтық пен байланыстың әлсіздігі байқалады.

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту әдістемесін қолданудың өзектілігі баланың логикалық ойлауын дұрыс жоспарлаумен тікелей байланысты және оны білім беру мекемелер тәжірибесінде іске асырудың ғылыми әдістемелік негізінің әлсіздігі арасындағы қайшылықтарды шешудің жолдарын іздестіру – біздің зерттеуіміздің өзекті мәселесі.

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту – бұл 6 жастан 10 жасқа дейінгі аралық болып есептелінеді. Себебі, сол кезде логикалық ойлау сатылары күрделене түседі, баланың айналаны тануы бейнелік формаға ауысады.

Логика ұғымының мән-мазмұнына тереңірек үңілсек: а) заттар мен құбылыстың заңдылықтарын; ә) ойлаудың айқындылығын, дәлелділігін, дәйектілігін; б) ойлаудың теориялық бейнесін білдіретін мәні терең ұғым [1].

Сонымен, логика – дұрыс ойлаудың заңдары мен ережелері туралы ғылым. Адам баласының өмірінде дұрыс ойлау маңызды рөл атқарады. Оның ойы дұрыс болуы белгілі бір заңдарға бағынуына байланысты.

Психология ғылымы да ойлау мәселесін зерттейді, алайда психология мінез-құлыққа байланысты дұрыс және бұрыс ойлауды зерттесе, логика тек дұрыс ойлауды ғана зерттейді.

Қазіргі кезде елімізде білім беру стандартында білім берудің міндеттерінің бірі – жас ұрпақтың логикалық ойлауын дамыту болып отыр. Әсіресе балалардың логикалық ойлауын дамытудың өзекті екендігін айтпаса түсінікті болып отыр.

В.Давыдов өз еңбегінде: «оқыту процесіндегі баланың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру өзіндік мақсат емес, ол белсенді тұлғаны қалыптастыру құралдарының бірі» - десе [2], В.Кириллова: «ойлау логикалық заңдылықтар мен формаларға бағынады...» - дейді [3]. Демек, ойлаудың мән-мағынасы өте тереңде жатыр.

Бірқатар психолог ғалымдар: Н.Н.Поспелов, Ю.А.Петров, А.Н.Леонтьев: «логикалық ойлау – логика заңдылықтарын пайдалана отырып, ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың түрі» - дейді. А.В.Запорожец, Л.Н.Венгер, И.С.Якиманскаяның еңбектерінде: «логикалық ойлауды дамыту – барлық ойлау операцияларын арнайы жүйелі түрде қалыптастыру, ойлау белсенділігін, өз беттілігін дамыту» - деп [4] анықтама берілген.

Негізінен баланың ми қыртыстарының жұмысы логикалық жаттығуларды орындау кезінде шыңдалады. Сол уақытта олардың логикалық ойлау сезімі, қарым-қабілеті дами бастайды. Баланың логикалық ойлау әрекеті олардың күнделікті өмір жағдайына сай түрлі заттарды көріп, ұстап, оларды пайдалану арқылы дамып отырады.

Күнделікті мектепте атқарылатын қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, сауат ашу, тіл дамыту, бейнелеу, сурет салу, жапсырма, мүсіндеу, т.б. логикалық түрлі іс-әрекеттер нәтижесінде дамиды. Танымдық іс-әрекеттерде әдіс-тәсілдер арқылы шығармашылық қабілеттерінің

дамуы жүзеге асады. Қоршаған ортамен, айналадағы адамдармен қарым-қатынас орнату арқылы бала біртіндеп тәжірибе жинақтай бастайды.

Ойлау адамның сыртқы ортамен қарым-қатынаста туындап отырады. Баланың ойлауын дамытатын нәрсе ол оның қажеттіліктері болып табылады. Сонымен қатар, ойлау қарама-қайшылықтарға толы процесс, дамуының қозғаушы күші.

Д.Б.Элькониннің пікірінше, балалардың іс-әрекетінің күрделенуіне жалпы ақыл-ой дамуының жетілуі, зейін тұрақтылығы аса зор әсер етеді. Сәби шақта бала бір ойын түрімен 20-30 минут айналысса, есейген шақта, 5-6 жасында ойын ұзақтығын бір жарым сағатқа дейін созып ойнай алады екен. Сонымен қатар, олардың мінез-құлқында ықтиярлық зейін артады. Түйсік, қабылдау, ес арқылы айнала қоршаған ортаның құбылысы жөнінде пікірі қалыптасады. Сондай-ақ, баланың сыртқы орта туралы ұғымы түйсік, қабылдау, елестермен толық ақпарат алу жеткіліксіз болып саналады. Оған қоса ойлау мен ой қорыту, қорытындылар жасау маңызды орын алады.

Ойлаудың психологиялық қырын қарастырсақ, ойлау елеспен, қабылдаумен тығыз байланысты. Қабылдау мен түйсік танымның бірінші баспалдағы. Демек, ойлау сезім мүшелерінің жұмысы арқылы алынған ақпараттарды өңдеу болып табылады. Ойлау тілі шықпаған сәбилерде де жетіле бастайды. Себебі, олар айнала қоршаған ортаны бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы таниды.

Бастауыш мектепте баланың дамуы оқу-тәрбие процесіне тәуелді. Алайда, логикалық ойлау мәселесіне қатысты тапсырмалардың берілуі, оны балалардың қабылдауы мен игеруі тәрбиешінің шеберлігі мен әдістемелік жұмыстарына да байланысты.

Іс-әрекеттерді атқару барысында зат, құбылыстың мәні, деректі, дерексіз ұғымдарды қабылдап, түсініктерді игереді. Сөздерді де, тілді де меңгеру барысында пікір білдіру, пайымдау, талдау жасай бастайды.

Өз бетімен шешім қабылдау, жауапкершілікті сезіну – жеке тұлға ретінде қалыптасуының алғы шарты. Халықта «ойы саяздың тілі де саяз» деген нақыл сөз бекер айтылмаса керек. Демек, ойлау баланың сөзін, тілін, коммуникативтік құзіреттілігін дамытады. Л.Выготскийдің сөзімен айтқанда: «Қандай да оқыту тиімді болу үшін, ол балаға қолайлы мерзімде болуы тиіс». Демек, баланың ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту да оның жас ерекшеліктеріне сай белгілі бір ғылыми жүйемен жүзеге асуы тиіс.

Баланың ұғымы, пікірі, ойының дамуы – оның іскерлік, шығармашылық, қасиеттерінің дамуын қамтиды. Логикалық ойлауды бала санасында жетілдіру – оны ерте есейту емес, керісінше баланың ойлаудың логикалық жетілген бейнелі формаларын игеру болып табылады. Ойлау формасының түрлері: ұғым, пікір, ой қорыту. Ойдың әу бастағы түрі – ұғым болып есептелінеді. Ұғым – бұл зат пен құбылыс жөнінде ой болып табылады. Ал пікір дегеніміз – бір зат туралы мақұлдау немесе оны теріске шығару. Ой қорытындысы – бұл бірнеше пікірлерден жаңа бір пікір шығару тәсілі болып саналады.

Педагогикалық-психологиялық жағынан алғанда адамның балалық шағы – өзін-өзі жеке тұлға ретінде сезініп, ақыл-ой, адамгершілік, т.б. қасиеттерінің қалыптасуының ең маңызды кезеңі болып табылады. Баланың ақыл-ойы, тілі белгілі бір танымдық іс-әрекеттерді игерумен дамып отырады.

Осы тұрғыда логика - ойлаудың ерекшелігі мен заңдылығын қарастырса, психология – тұлғаның жас ерекшеліктерінде жеке қасиеттерінің қалыптасуын зерттейді. Демек, логика ұғым мен пікірдің пайда болуы мен оның жеке тұлғаның қасиеттеріне байланысты ашу кезінде басқа ғылымдардың заңдылықтары мен принциптерін пайдаланады.

Тіл мен ойдың бірлестігі адам қоғамының дамуында алғашқы қауымдық құрылыстан бері үлкен орын алады. Ойлау мен тіл, сөз арқылы адам бірінің ойын пікірін, ниетін білсе, логикалық ойы арқылы іс-әрекетін таныған. Қазақ халқы «Ішімдегінің бәрі тілімде, тілімдегінің бәрі түсімде» деп бекер айтпаса керек. Сонымен қатар, ойдың дамуы нақтылы бір танымдық іс-әрекеттің жетекші рөл атқарғандығынан байқауға болады.

Ойлаумен сөйлеудің тығыз байланысты жүріп отыруы тек адам баласына ғана тән қасиет. Айнала қоршаған ортаның құбылыс пен заттар туралы терең ақпарат алған сайын оның ойы да, ойлау процесі де жетіле түседі. Бала өз ойының қаншалықты терең екендігін берген жауабы мен іс-әрекетінен көруге болады.

Баланың логикалық ойлау қабілеті арқылы сөйлеу тілін дамыту – тәрбиешінің міндеті. Алайда, мектеп жасына дейінгі баланың логикалық ойын дамытуда оның ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық сезімдеріне құрметпен қарап, алғышқы мұралдық ұстанымдарды да қалыптастырған маңызды.

Қазіргі кезде өзекті мәселе де осы, баланың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. Өзіндік қасиеттерін қоғам талап-тілегіне сай қалыптастыру болып табылады. Баланы оқыту, үйрету тек ойнай отырып,

кана жүзеге асыру болады. Қызығушылық – барлық талпыныстардың негізі. Ойын барысында тапсырмаларды орындау оның қызуғушылығына тікелей тәуелді болып табылады.

Бастауыш кезеңде баланың қабылдауы біртіндеп, мағынасыздан мағыналыға, мақсаттылыққа көше бастайды. Қабылдаудың дамуы сөйлеудің дамуына негіз болады. Бала қоршаған орта заттары мен құбылыстарының қасиеттерін топтап бөле алады, бір-бірінен ажырата алады.

Сондықтан да, ойлаудың негізгісі – көрнекі-әрекеттік ойлау болып табылады. Көрнекі-әрекеттік ойлау көрнекі ойлаудың күрделенуі, келесі сатысы сөздік ойлау. Ойлаудың негізін бала іс-әрекеттерінің дамуы, қалыптасуы мен дұрыс жетілуінен көруге болады. Баланың ақпаратты, мәліметті игеріп, оны пайдалануы – оның логикалық ойлау іс-әрекеттерін игергендігіне тән болады. Іс-әрекеттер сөзбен, белгілі бір формалы қимылмен жүзеге асады.

Логикалық ойлау баланың дамып, жетіліп, таным әрекетінің өрістеп, кеңеюіне байланысты. Айнала ортаның заттарын жиі көру немесе сирек көруі бойынша жалпы түсінік қалыптасады. Бұл оның өскен сайын өз бетінше пікір айтып, өз бетімен ойлап, өз бетімен шешім қабылдауына әсер етеді.

Бастауышта бала төмендегідей ойлау түрлерін көрсете алады:

1. бала 6 жасында құбылыстың немесе оқиғаның шешімін алдын ала белгілі таныс атаумен бере алады;

2. осы мәселеге сай баланың әрекетінің мәні өзгереді;

3. жағдайға сәйкес ойлаудың да мәні өзгеріп отырады;

4. ойлаудың көрнекілік жолы бала санасының күрделенуіне әсер етеді;

Психологтардың зерттеуі бойынша бала мектепке дейін қандай тілде қарым-қатынасқа түссе, сол тіл бала үшін ана тілі болып қалады.

Балада ең алдымен сөйлеудің дыбыстық қыры дамып жетіледі. Содан соң контекстік сөйлеуге көшеді. Одан кейін сөйлеудің грамматикалық қырын дамытады. Осы кезде бала оқыған мәтінді қайталап айту, мазмұнын айтып беру, көрген оқиғаны достарына ата-анасына түсінікті тілмен айтып жеткізу деңгейі көтеріледі.

Бала ересек адамға тән ауызша сөйлеу машықтарын түгел игереді. Достарымен сөйлескенде ауызша сөйлеуді жетілдіреді. Демек, әңгіме айту, монологты сөйлеу дамиды. Достарымен күнделікті ойнау, уақыт өткізу диалогты сөйлеуді дамытады.

5 жаста бала әңгіме мазмұнын құрастырып, өз тілімен, өз ойымен айтып береді. Дауысты дыбыстарды ең бірінші игереді, содан кейін дауыссыз, қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды игеретіндігі байқалады.

6 жасында бала сөйлеудің деңгейі көтеріліп, ана тілінің ерекшеліктеріне сай сөздік қоры дамиды. Бірақ тіл заңдылықтарын сақталмайды. Сөйлеу тілі күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста, ересектермен байланыста дамиды. Ересектердің сөзі оларға үлгі. Сондықтан олар балаларға түсінікті тілмен, дұрыс жауап беруі тиіс.

7 жасында ересектермен қарым-қатынасқа түсе отырып, ситуациялық сөзді меңгереді. Осы кезеңде балаға жұмбақ, ертегі, тақпақ айтызып отырудың маңызы зор.

Логикада басты мәселелердің бірі – пікір. Пікірдің жарыққа шығу түрі-сөйлем. Пікір мен сөйлемнің теңсіздігі мынадай жағдайлармен анықталады: пікір қандай болмаса да, сөйлем хабарлы болады; пікір термин немесе сөйлем түрінде болады.

Сонымен, логикалық ойлау – күрделі, әртүрлі мәні бар процесс. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуында жақсы жетістіктерге жетудің бірден-бір жолы – баланың ерте жастан логикалық ойлауын, оқиғаны талдай білуін, ұғымды салыстыра білуін, мәніне қарай топтастыра білуін, ой қорытып, қорытынды шығаруын дамыту болып табылады.

Себебі, бұл баланың ойша пайымдау, заңдылықтар мен ережелерге сай дұрыс ойлауын қалыптастырудың негізі. Баланың ойша пайымдау, тапсырмалардың шешілу жолдарын таба білу қабілетін дамыту – логикалық ойлауын жетілдіруде басты рөл атқарады.

Баланың логикалық ойлауын жас кезеңдеріне сай зерттеу қажеттігі және оның ғылыми негізделген түсініктерінің қалыптасуы 19 ғасырдың ортасынан бастау алады. Осы кезеңде баланың сезім мүшелерінің физиологиясы бағытында тәжірибелік зерттеулер қарқынды жүре бастады.

Бірнеше бағытта жүргізілген зерттеулер ішінде Ж.Пиженің бала интеллектісін, яғни зияткерлігінің қалыптасу кезеңдері туралы ғылыми зертеу жұмысын айтуға болады. Ғалым зерттеуінде бала зияткерлігінің сенсомоторлы дамуы операциялауға дейінгі ойлау, нақты, формальды операциялар кезеңдерін нақтылап берген.

Баланың психикалық дамуы оның зияткерлігінде, әлеуметтік қатынасында жаңа өзгерістермен байланысты. Сонымен қатар, бұл таным процесінің күрделенуімен де байланысты.

Я.Л.Коломинскийдің зерттеуі бойынша төрт және бес жаста бала достарымен қарым-қатынасы орната алса, онда ол ортамен әлеуметтік қатынасқа түсуге дайын деген байлам жасауға болады делінеді. Сол кезеңде бала достық, оның мәні жоғары екендігін, сезімі мен сенімін білдіру тұрғысынан ой-пікір қалыптастыра бастайды.

Осы жаста бала өз құрбыларымен достық қарым-қатынасын ұзақ уақытқа соза алады. Бұл шақта баланың эмоционалды қатынастары айқын көрінеді.

Осы кезеңде «өзіне-өзі сұрақ қою» рефлексиясы көрінеді. Танымдық белсенділігі, себеп-салдарлық байланыс пен тәуелділік орната бастайды. Бәрімізге анық заттың аты, ол қайдан пайда болады, құбылыстардың пайда болуы, оның себебі, қажеттігі туралы сансыз сұрақтары пайда болады. Баланың біліуге деген талпынысы мен логикалық ойлауының сан қырлы жақтары ашыла бастайды.

Балада ойлау нәтижесінде «не үшін?», «неге?», «не себепті?», «қалайша?», «неліктен?», т.б. сұрақтар пайда болады. Логикалық ойлауында қиялы басым болады, өзінің түсінігі мен пайымы бойынша ой қорыту, пікір білдіру орын алады, өз қиялындағыдай жағдаяттың себеп-салдарын, шешімін табады.

Бастауышта балада тың дүниені тануға, жаңа затты таныпбіліуге деген құлшынысы, қызығушылығы өте жоғары болады. Сондықтан логикалық тапсырмаларды ойын түрінде «жеңілден-ауырға» принципімен бастаған жөн.

Бастауыш сыныпта баланың логикалық ойлауын дамыту жұмыстарының мақсат, міндеттері үнемі күн тәртібінен түспек емес. Логикалық ойлау ақыл-ой дамуының тиімділігін анықтайды. Осыған орай баланың логикалық ойлауын дамыту және оның үйлесімді дамуы үшін баланың ақыл-ой белсенділігінің тапшылығы жағдайында осы мәселені шешу үшін заманауи әдістемелердің ықпалын анықтайтын зерттеулер қажет.

Әдебиеттер:

1. Мирза Н.В. Мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру: оқу құралы. - Алматы: Отан, 2020. – 376 б.

2. Абашина, В. В. Теория и технология развития математических представлений у детей дошкольного возраста. Учебно-методическое. - Сургут: Сургутский государственный педагогический университет, 2016. -118 с

3. Диагностика уровня компетентностного развития детей дошкольного возраста с помощью системы индикаторов.-Шымкент:Шикунла и К, 2016. - 104с.

4. Пустовалова, Н.И.Теория и методика обучения элементарной математика детей дошкольного возраста.-Петропавловск:СКГУим.М.Козыбаева,2012.-261 с.

**Кенжебаева А.Т., Қашқынбаева З.Қ.**

**М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.**

## **АСЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ДАМУ**

Аннотация. Мақалада асық ойыны баланың ойлау қабілеті мен сөйлеу тілін, қимылын дамытатын, денесін шынықтырып, ағза жұмысын, көз көруі, қан айналысы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартуға ықпал ететін ойын түрі қарастырылады.

Кілт сөздер: асық ойыны, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дене қимылы, шынықтыру.

Баланы тәрбиелеу бағытында ұлттық құндылықтарымызды қолданудың маңызы зор. Ұлттық құндылықтарымыздың қатарына ана тілі, дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнер, ойындар, т.б. кіретін болса, оның ішінде ұлттық ойындардың алатын орны ерекше. Ұлттық ойындар ұлттық мінез-құлық, тәлім-тәрбие, өсиет-өнегеге толы болатыны анық. Демек, қай халықта болмасын бала ата-анасынан жастайынан ұлттық ойындармен сусындап өскендігі абзал.

Қазақ халқының мәдени құндылықтарына ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, ойындар, т.б. жатады. Солардың бірі ұлттық ойындарымыздың құралы – асық. Асық халықтың ұғымындағы қасиетті, қастерлі жануардан алынатын сүйек. Қазақ халқы мал шаруашылығын жетік білген. Төрт түлік малды қорек, көлік және етін, жүнін шикізат ретінде тиімді пайдаланған. Ауыз әдебиеті мен наным-түсініктердің басым бөлігі малмен тығыз байланысты. Мақал-мәтелдер, өлеңдер, жылдар, ертегілер, т.б. малға байланысты айтылған.